

"KASE КЛИРИНГ ОРТАЛЫҒЫ" АҚ

"KASE клиринг орталығы" АҚ
Басқармасының шешімімен
(2023 жылдың 09 наурызындағы
№ 4 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2023 жылдың XX айынан бастап¹
қолданысқа енгізілді

Биржалық сауда-саттық бойынша есеп айырысу кезінде ақшаны ішкі есепке алу және құжаттарды рәсімдеу **ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Алматы қ.

2023

¹ Қор нарығындағы Орталық контрагент ретінде "KASE клиринг орталығы" АҚ жұмысы басталған күннен бастап оларды қолданысқа енгізумен.

Осы Ережелер Қазақстан Республикасының заңнамасына және "KASE клиринг орталығы" АҚ (бұдан әрі – Клиринг орталығы) жарғысына сәйкес әзірленді және "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) сауда-саттық жүйесінде өткізілетін және Клиринг орталығының корреспонденттік шоттары арқылы жүзеге асырылатын сауда-саттықпен байланысты есеп айырысулар бойынша ақшаны есепке алудың жалпы шарттары мен тәртібін анықтайды.

1 бөлім. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Осы Ережелерде пайдаланылатын терминдер мен шартты белгілер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Клиринг орталығының ішкі құжаттарында анықталған терминдер мен шартты белгілерге ұқсас.
2. Осы Ережелердің мақсаттары үшін:
 - 1) Клиринг орталығының корреспонденттік шоттары деп Клиринг орталығының Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі, шетел банктеріндегі және/немесе Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі теңгедегі және/немесе шетел валютасындағы корреспонденттік шоттары, сондай-ақ Клиринг орталығының "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-дағы корреспонденттік шоты түсініледі;
 - 2) клирингілік қатысушының өтініші деп клирингілік қатысушының ақша қайтаруға немесе аударуды жүзеге асыруға берген өтініші және клирингілік қатысушылардың биржалық сауда-саттық бойынша есеп айырысуды жүзеге асыруға байланысты операцияларды жасау ниеті туралы өзге де өтініштері және/немесе өкімдері түсініледі;
 - 3) есеп айырысулар деп Клиринг орталығының биржалық мәмілелер бойынша ақшалай есеп айырысуды жүзеге асыруды реттейтін ішкі құжаттарында көзделген қазақстандық теңгедегі және/немесе шетел валютасындағы төлемдер (бұдан әрі – Есеп айырысу ережелері) түсініледі.
 - 4) мәмілелер деп Биржаның сауда-саттық жүйесінде өткізілетін сауда-саттықта жасалған қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер түсініледі;
 - 5) электрондық құжаттар алмасу жүйесі деп электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдана отырып, электрондық тәсілмен есеп айырысуды жүзеге асыруға байланысты хабарламаларды, оның ішінде төлем құжаттарын, өтініштерді, өкімдерді және/немесе өзге де хабарламаларды беруге мүмкіндік беретін бағдарламалық қамтамасыз ету түсініледі;
 - 6) есеп жүйесі деп Клиринг орталығының корреспонденттік шоттарында есепте тұрған ақшаны есепке алуға, сондай-ақ олар бойынша жүргізілген операциялар туралы деректерді сақтауға арналған ақпараттық жүйе түсініледі;
 - 7) есепке алу шоты деп Клиринг орталығының корреспонденттік шоттарында қазақстандық теңгемен және/немесе шетел валютасымен есепте тұрған ақшаның ішкі есебін жүргізуге арналған ақпараттық жүйелердегі тіркеу жазбаларының және басқа да белгілеулердің жиынтығы түсініледі.
3. Клиринг орталығының есепке алу жүйесінде клирингілік қатысушылардың және Клиринг орталығының есепке алу шоттары тек биржалық сауда-саттық бойынша есеп айырысу үшін Клиринг орталығының корреспонденттік шоттары бойынша жүзеге асырылатын ақшаны ішкі есепке алу және есепке алу мен есептен шығару операцияларын көрсету, клирингілік қатысу сертификаттарын шығаруды қамтамасыз ету үшін мүліктік пулдарға жарна ретінде олардың мәмілелер бойынша міндеттемелерін орындау үшін клирингілік қатысушылардан Клиринг орталығының корреспонденттік шоттарына түсетін клирингілік қатысушыларды қамтамасыз етудің ішкі есебі, клиринг нәтижелері бойынша олардың талаптарын, сондай-ақ орталық контрагенттің қызметін жүзеге асыруына байланысты туындайтын Клиринг орталығының активтері мен міндеттемелерін есепке алу мақсатында ашылады және жүргізіледі.

4. Клиринг орталығының есеп жүйесінде теңгемен және Клиринг орталығының корреспонденттік шоттары ашылған шетел валютасымен есепке алу шоттары ашылады және жүргізіледі.
5. Клиринг орталығының есеп жүйесінде Клиринг орталығының корреспонденттік шоттары бойынша ақша операцияларының шоғырландырылған есебі, сондай-ақ әрбір жеке клирингілік қатысушысы бөлінісінде ақша қалдықтары мен қозғалысының бөлек есебі жүзеге асырылады.

2 бөлім. ЕСЕПКЕ АЛУ ШОТТАРЫ МЕН ҚОСАЛҚЫ ШОТТАРДЫ АШУ ЖӘНЕ ЖАБУ

6. Есепке алу шоттары клирингілік қатысушыларға және Клиринг орталығына ашылады. Клиринг орталығы клирингілік қатысушыларға клирингілік қатысушы мәртебесін берген, клирингілік қатысушы ретінде қызметін жүзеге асырған және тиісінше оларды клирингілік қатысушы мәртебесінен айырған кезде олардың есепке алу шоттарын дербес ашады, жүргізеді және жабады.
7. Есепке алу шоттарын ашу, жүргізу және жабу кезінде Клиринг орталығының Есеп айырысу палатасы Клиринг орталығына олар ұсынатын клирингілік қатысушылардың құжаттарын, оның ішінде:
 - клирингілік қатысушылардың уәкілетті жұмыскерлерінің тізімін;
 - қол қою үлгілері бар құжатты басшылыққа алады.Клирингілік қатысушы тарапынан есепке алу шотын ашу, жүргізу немесе жабу үшін қосымша іс-әрекеттерді орындау талап етілмейді.
8. Клиринг орталығы клирингілік қатысушыға есепке алу шоттарын Клиринг орталығы клирингілік қатысушы мәртебесін берген күннен кейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей ашады. Көрсетілген мәртебені беру фактісі есепке алу шотын ашу үшін негіз болып табылады.

Клиринг орталығы мүліктік пулдың есепке алу шоттарын Клиринг орталығы клирингілік қатысушының мүліктік пул шартына қосылуға өтінішін алған күннен кейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей ашады. Осы өтінішті алғаны туралы Клиринг орталығының Клирингілік палатасының хабарламасы мүліктік пулдың есепке алу шотын ашу үшін негіз болып табылады.
9. Клиринг орталығы клирингілік қатысушыға есепке алу шотын ашу кезінде оған осы клирингілік қатысушыға берілген тіркеу кодын, шот валютасының белгісін қамтитын және осы клирингілік қатысушыны біржақты сәйкестендіруге мүмкіндік беретін бірегей нөмір береді.
10. Әрбір клирингілік қатысушы үшін Клиринг орталығы әрбір биржалық нарықта жеке мынадай есепке алу шоттарын ашады:
 - 1) клирингілік қатысушы Клиринг орталығының корреспонденттік шоттарына әрбір валютада аударатын ақшаны жалпы есепке алуға арналған бір жинақ есепке алу шоты;
 - 2) өзінің атынан және оның өз мүддесі үшін жасалған мәмілелерді қамтамасыз етуге және орындауға арналған ақшаны есепке алуға арналған бір есепке алу шоты (өзіндік есепке алу шоты);
 - 3) клиенттерінің атынан және мүддесінде жасалған мәмілелерді қамтамасыз етуге және орындауға арналған ақшаны есепке алуға арналған бір есепке алу шоты (біріктірілген клиенттік есепке алу шоты);

биржалық мәмілелер жасау мақсатында сауда-саттық жүйелеріне демеушілік рұқсаттама қызметтерін ұсынатын клирингілік қатысушыға осы клирингілік қатысушының әртүрлі клиенттерінің ақшасын бөлек есепке алу үшін бірнеше біріктірілген клиенттік есепке алу шоттары ашылуы мүмкін;

- 4) клирингілік қатысушының кастодиандық клиенттерінің мәмілелерін қамтамасыз етуге және орындауға арналған ақшаны есепке алуға арналған бір есепке алу шоты – бақылау және қамтамасыз ету жүйесінің пайдаланушысы болып табылатын клирингілік қатысушыға ғана ашылады (біріктірілген кастодиандық есепке алу шоты);
 - 5) мүліктік пулдың әрбір түрі үшін – клирингілік қатысу сертификаттарын шығаруды қамтамасыз ету ретінде клирингілік қатысушылар тиісті мүліктік пулдарға енгізетін өз ақшасын есепке алуға арналған бір есепке алу шоты және клирингілік қатысу сертификаттарын шығаруды қамтамасыз ету ретінде клирингілік қатысушылар тиісті мүліктік пулдарға енгізетін клиенттік ақшаны біріктірілген есепке алуға арналған бір есепке алу шоты.
11. Клиринг орталығы орталық контрагент ретінде Клиринг орталығының талаптары мен міндеттемелерін есепке алу үшін теңгемен және әрбір шетел валютасымен бір есепке алу шотынан және Клиринг орталығының әрбір жеке корреспонденттік шоты бойынша ақша қалдықтары мен қозғалысын есепке алу мақсатында Клиринг орталығының әрбір корреспонденттік шоты үшін бір есепке алу шотынан ашылады.
 12. Клиринг орталығының корреспонденттік шоттары бойынша жүзеге асырылатын әртүрлі операциялар бойынша ақшаны бөлек есепке алу мақсатында, сондай-ақ Клиринг орталығы орталық контрагенттің қызметін жүзеге асырған кезде теңгедегі және шетел валютасындағы есепке алу шоттары шеңберінде жеке қосалқы шоттар ашылады және жүргізіледі, оның ішінде:
 - 1) осы ережелердің 10 тармағының 2)-4) тармақшаларында көрсетілген есепке алу шоттары шеңберінде ашылатын биржалық мәмілелер бойынша қамтамасыз етуді есепке алу үшін;
 - 2) клирингілік қатысушылардың есептік жинақ шоттары шеңберінде ашылатын кепілдік беру қорына жарналарын есепке алу үшін;
 - 3) Клиринг орталығының есепке алу шоттары шеңберінде ашылатын әрбір биржалық нарық бойынша жеке барлық клирингілік қатысушылардың кепілдік жарналарын жалпы есепке алу үшін;
 - 4) клирингілік қатысушыларға тиісті санкциялар қолданылуына қарай ашылатын айыппұлдарды, өсімпұлдарды, тұрақсыздық айыптарын есепке алу үшін;
 - 5) Клиринг орталығының корреспонденттік шоттарына түсетін, Клиринг орталығының есепке алу шоттары және клирингілік қатысушыларының жинақ есепке алу шоттары шеңберінде ашылатын ілеспе төлем құжаттарына сүйене отырып, мақсатын біржақты анықтау мүмкін болмайтын ақшаны есепке алу үшін;
 - 6) Клиринг орталығының корреспонденттік шоттарындағы ақша қозғалысының барынша сегрегациясы мен ашықтығын қамтамасыз ету үшін қажеттілігіне қарай ашылатын өзге де қосалқы шоттар.
 13. Егер Клиринг орталығының ішкі құжаттарында мәмілелер жасасу, қамтамасыз етуді енгізу немесе бірнеше валютада кепілдік беру қорларын қалыптастыру көзделген болса, онда осы Ережелердің 10, 11 және 12 тармақтарында көрсетілген есепке алу шоттары және/немесе қосалқы шоттар әрбір валютада жеке ашылады.
 14. Клирингілік қатысушыға ашылған есепке алу шоттары Клиринг орталығының Есеп айырысу палатасы ол қандай да бір нарықтың клирингілік қатысушысы мәртебесінен айырылғаннан кейін немесе ол қандай да бір валютада көрсетілген барлық қаржы құралдарымен сауда-саттықтан шеттетілген кезде бір жұмыс күнінен кешіктірмей жабады. Есепке алу шоттары тиісті жабылатын шоттар бойынша орындалмаған міндеттемелер мен қалдықтар болмаған жағдайда жабылады. Өзге жағдайларда Клиринг орталығы клирингілік қатысушыны осындай міндеттемелердің немесе қалдықтардың бар екендігі туралы хабардар етеді және көрсетілген міндеттемелерді орындағаннан және көрсетілген қалдықтарды алғаннан кейін келесі жұмыс күні есепке алу шоттарын жабады.
 15. Клиринг орталығы клирингілік қатысушыларға олардың есепке алу шоттарын ашқаны немесе жапқаны туралы хабарламайды, өйткені Клиринг орталығы мұндай шоттарды

Клиринг орталығының корреспонденттік шоттары бойынша ақшаның түсуі мен есептен шығарылуының ішкі есебін жүргізу үшін ғана пайдаланады.

3 бөлім. ЕСЕПКЕ АЛУ ШОТТАРЫН ЖӘНЕ ҚОСАЛҚЫ ШОТТАРДЫ ЖҮРГІЗУ

16. Клиринг орталығының ішкі есепке алу жүйесінде Клиринг орталығының корреспонденттік шоттары бойынша ақша қозғалысын көрсететін жазбаларды, сондай-ақ клирингілік қатысушыларының есепке алу шоттары (қосалқы шоттары) бойынша ақшаны есептен шығару немесе есепке алу жөніндегі жазбаларды жүзеге асыру үшін мынадай құжаттар негіз болып табылады:
- 1) Клиринг орталығы мен Клиринг орталығының корреспондент банкі арасындағы электрондық құжаттар алмасу жүйесі арқылы келіп түсетін және Клиринг орталығының корреспонденттік шоттары бойынша ақшаны есепке алу және есептен шығару операцияларының жасалғанын растайтын Клиринг орталығының корреспондент банкері ұсынатын тиісті үзінділер мен өзге де төлем құжаттары;
 - 2) қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметін жүзеге асыру ережелерін реттейтін Клиринг орталығының ішкі құжатына (бұдан әрі – Клирингілік ережелер) сәйкес жасалатын клирингілік қатысушылар мен Клиринг орталығының талаптары мен міндеттемелерінің мәндері көрсетілген есептер немесе клиринг нәтижелері туралы өзге де құжаттар;
 - 3) өтініште көрсетілген операцияны Клиринг орталығы Есеп айырысу ережелеріне, Клирингілік ережелерге және осы Ережелерге сәйкес жүзеге асыруы мүмкін болған жағдайда клирингілік қатысушылардың өтініштері.
17. Клиринг орталығының корреспонденттік шоттары бойынша ақшаны есепке алу және есептен шығару операцияларын есепке алу шоттарында көрсетуді Клиринг орталығының Есеп айырысу палатасы осы тармақтың 1) – 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды алғаннан және өңдегеннен кейін Клиринг орталығының корреспонденттік шоттары бойынша ақшаның нақты қозғалысы күнінен кейінгі жұмыс күнінің аяғынан кешіктірмей жүзеге асырады. Бұл ретте Клиринг орталығының корреспонденттік шоттары бойынша ақша қозғалысын жүзеге асыру күні, клиринг нәтижелері туралы құжатта немесе клирингілік қатысушының биржалық нарықтар арасындағы және клирингілік қатысушының шоттары арасындағы қамтамасыз етуді аудару туралы өтінішінде көрсетілген күн есепке алу шоттары бойынша ақшаны есепке алу және есептен шығару операцияларының күні болып табылады.
18. Клиринг орталығының корреспонденттік шоттарына түсетін ақшаны клирингілік қатысушысының есепке алу шотының жекелеген қосалқы шоттары бойынша бөлуді Клиринг орталығына түсетін төлем құжаттарындағы ақпаратты ескере отырып, Клиринг орталығының Есеп айырысу палатасы жүзеге асырады.
19. Клирингілік қатысушының кез келген өтініші Есеп айырысу ережелерінде, осы Ережелерде анықталған нысандар бойынша, ал белгіленген нысандар болмаған кезде еркін нысанда рәсімделеді және Клиринг орталығына ұсынылады.
- Егер Клиринг орталығының басқа ішкі құжаттарында өзгеше белгіленбесе, осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген өтінішке клирингілік қатысушының бірінші және екінші (бар болса) қол қою құқығына ие тұлғалар қол қоюға тиіс. Бұл ретте көрсетілген қолдар клирингілік қатысушының қолтаңбаларының үлгілері бар Клиринг орталығындағы құжатқа сәйкес келуге тиіс.
- Клиринг орталығына клирингілік қатысушыларынан өтініштер ұсынылған жағдайда, мұндай өтініштерге клирингілік қатысушыларының уәкілетті жұмыскерлері: жарғы негізінде бірінші басшы немесе осы Ережелерге 2 қосымшаның нысаны бойынша ұсынылған сенімхатқа сәйкес өзге де жұмыскер қол қоюы тиіс.
- Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген өтініштер Клиринг орталығына:

- 1) электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдана отырып, Клиринг орталығы пайдаланатын электрондық құжаттар алмасу жүйелерінде электрондық түрде, не
 - 2) қағаз тасымалдағыштағы құжат түрінде берілуі тиіс.
20. Клирингілік қатысушының кез келген өтініші Клиринг орталығының Есеп айырысу палатасы директорының немесе оны алмастыратын тұлғаның рұқсаты болған кезде ғана осындай орындау мүмкіндігіне тексеру жүргізілгеннен кейін орындалуға жатады.
21. Клирингілік қатысушылардың есепке алу шоттары бойынша ақша қалдықтары мен қозғалысы туралы ақпарат Биржаның сауда-клирингілік жүйелеріне:
- 1) сауда-саттық басталғанға дейін;
 - 2) клиринг орталығының корреспонденттік шоттарына олардың өтініштері бойынша клирингілік қатысушылардың пайдасына ақша есептеу немесе есептен шығару кезінде және осы операцияларды клирингілік қатысушылардың есепке алу шоттарында көрсеткен кезде сауда-клирингілік жүйелердің жұмысы барысында;
 - 3) әрбір клирингілік сессиядан кейін есеп айырысу нәтижелері бойынша беріледі.
22. Есепке алу шоттарын ашу, жүргізу, жабу туралы, барлық есепке алу шоттары бойынша жасалған барлық операциялар туралы барлық ақпарат Клиринг орталығының есепке алу жүйесінде мерзімсіз сақтауға жатады.
23. Клиринг орталығы Клиринг орталығының корреспонденттік шоттарынан осындай клирингілік қатысушының пайдасына ақшаны есептен шығару жөніндегі аударым операцияларын және Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстату) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасының талаптарына сәйкес, сондай-ақ санкциялық тізімдерде болуы себебінен клирингілік қатысушының есеп жүйесіндегі есепке алу шоттарынан ақшаны есептен шығару жөніндегі олармен байланысты операцияларды тоқтата тұруға немесе жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.
24. Клиринг орталығы осы Ережелердің 23 тармағына сәйкес тоқтатылған операцияларды Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасына сәйкес қайта жаңғыртады.

3.1 бөлім. БИРЖАЛЫҚ НАРЫҚТАР АРАСЫНДАҒЫ КЛИРИНГІЛІК ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ АУДАРУ

25. Клирингілік қатысушы қазақстандық теңгемен және/немесе шетел валютасымен көрсетілген және Клиринг орталығының корреспонденттік шоттарындағы қамтамасыз етуді басқару мақсатында Клиринг орталығына осы қамтамасыз етудің барлығын немесе бір бөлігін биржалық нарықтар арасында аударуға өтініш беруге құқылы.

Клирингілік қатысушыларды қамтамасыз етуге қатысты биржалық нарықтар арасындағы аударым операцияларын клирингілік қатысушылардың биржалық нарықтар арасындағы және клирингілік қатысушының осы Ережелерге 3 қосымшаның нысаны бойынша жасалған шоттары арасындағы қамтамасыз етуді аудару туралы өтініштері негізінде Клиринг орталығы жүзеге асырады.

26. Клирингілік қатысушыларды қамтамасыз етуге қатысты биржалық нарықтар арасындағы аударым операциялары бір клирингілік қатысушының шоттары бойынша ғана бір валютада жүзеге асырылуы мүмкін.

Клирингілік қатысушы қамтамасыз етуді мынадай есепке алу шоттары арасында бөлу үшін биржалық нарықтар арасында қамтамасыз етуді аударуға өтініш беруге құқылы:

өзіндік есепке алу шоттары арасында;

біріктірілген клиенттік есепке алу шоттар арасында;

өзіндік және біріктірілген клиенттік есепке алу шоттар арасында.

27. Клирингілік қатысушы биржалық нарықтар арасындағы және клирингілік қатысушының шоттары арасындағы қамтамасыз етуді аудару туралы өтінішті клирингілік қатысушының уәкілетті жұмыскерінің электрондық цифрлық қолтаңбасын қолдана отырып, "eTransfer.kz" ақпарат беру жүйесінде электрондық нысанда XML-форматта ұсынады.
28. Клиринг орталығының клирингілік қатысушылардан биржалық нарықтар арасында және клирингілік қатысушының шоттары арасында қамтамасыз етуді аудару туралы өтініштерді қабылдау уақыты Астана қаласы уақытымен сағат 10.30-дан 17.30-ға дейін.
29. Осы Ережелерге 3 қосымшаның нысаны бойынша жасалған биржалық нарықтар арасындағы және клирингілік қатысушының шоттары арасындағы қамтамасыз етуді аудару туралы өтініште осы клирингілік қатысушының қамтамасыз етуі аударылатын клирингілік қатысушының есепке алу шотындарын анықтау мақсатында операцияның мақсатын сәйкестендіру үшін арнайы кодтар көрсетілуге тиіс.

Биржалық нарықтың әрбір түрі үшін осындай кодтардың тізімін Клиринг орталығының есеп айырысу бөлімшесіне жетекшілік ететін Клиринг орталығы Басқармасының мүшесі бекітеді және Клиринг орталығының интернет-ресурсында жарияланады.

3.2 бөлім. КЛИРИНГІЛІК ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУІН ОЛАРДЫҢ ШОТТАРЫ АРАСЫНДА АУДАРУ

30. Клирингілік қатысушы қазақстандық теңгемен және/немесе шетел валютасымен көрсетілген және Клиринг орталығының корреспонденттік шоттарындағы қамтамасыз етуді басқару мақсатында Клиринг орталығыға өзінің меншікті және біріктірілген клиенттік есепке алу шотының арасында осы қамтамасыз етудің барлығын немесе бір бөлігін аударуға өтініш беруге құқылы.

Осы клирингілік қатысушыны қамтамасыз етуге қатысты клирингілік қатысушының шоттары арасындағы аударым операцияларын Клиринг орталығы осы Ережелерге 3 қосымшаның нысаны бойынша жасалған клирингілік қатысушының биржалық нарықтар арасындағы және клирингілік қатысушының шоттары арасындағы қамтамасыз етуді аудару туралы өтініші негізінде жүзеге асырады.

31. Осы клирингілік қатысушыны қамтамасыз етуге қатысты клирингілік қатысушының шоттары арасындағы аударым операциялары бір клирингілік қатысушының шоттары бойынша ғана бір валютада жүзеге асырылуы мүмкін.
32. Клирингілік қатысушы биржалық нарықтар арасындағы және клирингілік қатысушының шоттары арасындағы қамтамасыз етуді аудару туралы өтінішті клирингілік қатысушының уәкілетті жұмыскерінің электрондық цифрлық қолтаңбасын қолдана отырып, "eTransfer.kz" ақпарат беру жүйесінде электрондық нысанда XML-форматта ұсынады.
33. Клиринг орталығының клирингілік қатысушылардан биржалық нарықтар арасында және клирингілік қатысушының шоттары арасында қамтамасыз етуді аудару туралы өтініштерді қабылдау уақыты Астана қаласы уақытымен сағат 10.30-дан 17.30-ға дейін.
34. Осы Ережелерге 3 қосымшаның нысаны бойынша жасалған биржалық нарықтар арасындағы және клирингілік қатысушының шоттары арасындағы қамтамасыз етуді аудару туралы өтініште осы клирингілік қатысушының қамтамасыз етуі аударылатын клирингілік қатысушының есепке алу шотындарын анықтау мақсатында операцияның мақсатын сәйкестендіру үшін арнайы кодтар көрсетілуге тиіс.

Биржалық нарықтың әрбір түрі үшін осындай кодтардың тізімін Клиринг орталығының есеп айырысу бөлімшесіне жетекшілік ететін Клиринг орталығы Басқармасының мүшесі бекітеді және Клиринг орталығының интернет-ресурсында жарияланады.

4 бөлім. ҚАЛДЫҚТАРДЫ САЛЫСТЫРУ

35. Күн сайын, Клиринг орталығының корреспонденттік шоттары бойынша ақшаны есепке алу және есептен шығару операцияларының жасалғанын растайтын үзінділер мен өзге де төлем құжаттарын өңдегеннен және өткен жұмыс күні осы операциялар есепке алу шоттарында көрсетілгеннен кейін Клиринг орталығының Есеп айырысу палатасы есепке алу шоттары бойынша жазбаларды Клиринг орталығына оның корреспондент бантері ұсынатын Клиринг орталығының корреспонденттік шоттары бойынша үзінділермен салыстырып тексеруді жүзеге асырады.

Көрсетілген алшақтықтар анықталған жағдайда Есеп айырысу палатасы Клиринг орталығының корреспонденттік шоттары бойынша үзінділерге сәйкес есепке алу жүйесіндегі жазбаларды түзетуді жүзеге асырады.

36. Күн сайын, биржалық нарықтарда сауда-саттық басталғанға дейін Есеп айырысу палатасы және Клиринг орталығының Клирингілік палатасы өткен күннің соңындағы жағдай бойынша клирингілік қатысушылардың есепке алу және оларға сәйкес келетін сауда-клирингілік шоттарындағы қалдықтарды салыстырып тексеруді жүзеге асырады.

Ақша бойынша қалдықтардың алшақтығы анықталған жағдайда:

- 1) Есеп айырысу палатасының есеп жүйесінде операцияларды дұрыс көрсетпеу фактісі анықталған кезде есепке алу шоттарындағы қалдықтарды сауда-клирингілік шоттардағы қалдықтармен теңестіру мақсатында есеп жүйесіндегі жазбаларды түзетуді жүзеге асырады;
 - 2) есепке алу шоттарындағы қалдықтар дұрыс болған кезде Есеп айырысу палатасы Клирингілік палатаны есепке алу шоттарындағы қалдықтарға сәйкес сауда-клирингілік шоттардағы қалдықтарды теңестіру қажеттігі туралы электрондық пошта арқылы хабардар етеді.
37. Жыл сайын, 15 қаңтардан кешіктірмей клирингілік қатысушы мен Клиринг орталығы арасында осындай қалдықтар болған кезде 01 қаңтардағы жағдай бойынша клирингілік қатысушының есепке алу шотындағы ақша қалдықтарын салыстырып тексеру жүзеге асырылады.
38. Клирингілік қатысушы жазбаша сұрау салу бойынша Клиринг орталығының корреспонденттік шоттарына аударылған ақшаның өз есебінің деректерін Клиринг орталығының есеп жүйесінің деректерімен кез келген уақытта, кез келген есеп айырысу күнінің соңында жоспардан тыс салыстырып тексеруді жүзеге асыруға құқылы.
39. Ақша қалдықтарын салыстырып тексеру нәтижелері осы Ережелерге 1 қосымшаның нысаны бойынша ақшаны салыстырып тексеру актісімен рәсімделеді, ол клирингілік қатысушының таңдауы бойынша:
- 1) электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдана отырып, Клиринг орталығы пайдаланатын электрондық құжаттар алмасу жүйелерінде электрондық тәсілмен беріледі, не
 - 2) қағаз тасымалдағышта рәсімделеді және салыстырып тексеруді жүзеге асыратын тараптардың уәкілетті өкілдері қол қояды.
40. Клирингілік қатысушы оның жазбаша сұрау салуы бойынша осы клирингілік қатысушының есепке алу шоттарындағы ақша қалдықтары туралы ақпаратты кез келген уақытта, кез келген кезең үшін немесе кез келген есеп айырысу күнінің соңында алуға құқылы. Клирингілік қатысушының клирингілік қатысушыны таңдауға арналған есепке алу шотындағы ақша қалдықтары туралы ақпарат:
- 1) электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдана отырып, Клиринг орталығы пайдаланатын электрондық құжаттар алмасу жүйелерінде электрондық тәсілмен беріледі, не
 - 2) қағаз тасымалдағышта рәсімделеді.

5 бөлім. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР

Биржалық сауда-саттық бойынша есеп айырысу кезінде ақшаны ішкі есепке алу және құжаттарды рәсімдеу ережелері

41. Осы Ережелер қажеттілігіне қарай, бірақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары өзгерген жағдайларды қоспағанда, осы Ережелер қолданысқа енгізілген күннен бастап есептелетін әрбір үш жылда кемінде бір рет өзектендірілуге жатады. Осы Ережелерді өзектендіру жауапкершілігі Клиринг орталығының Есеп айырысу палатасына жүктеледі.

Басқарма Төрағасы

И.М. Сабитов

Биржалық сауда-саттық бойынша есеп айырысу кезінде ақшаны ішкі есепке алу және құжаттарды рәсімдеу ережелеріне

1 қосымша

**XXXX жылдың XX айының күнінің соңындағы жағдай бойынша
А Қ Ш А Н Ы С А Л Ы С Т Ы Р У А К Т І С І**

[Клиринг орталығының жасаған күні мен уақыты]

[Клиринг орталығының шығыс тіркеу нөмірі]

"KASE клиринг орталығы" АҚ (бұдан әрі – Клиринг орталығы), БСК – KICEKZKX, бір тараптан және

(клирингтік қатысушының толық атауы)

(клирингтік қатысушының толық мекенжайы, клирингтік қатысушының БСК (бар болса))

екінші тараптан, клирингтік қатысушылардың есепке алу шоттарында есепте тұрған ақша қалдықтары туралы есеп жүйелерінің деректерін салыстырып тексеру туралы осы Актіні жасадық және оған қол қойдық.

р/с №	Шоттың атауы	Валюта	Сомасы	Айырмашылықтар туралы ескертпе
		(валюта коды*)		

* Есепке алу үшін есепке алу шоты ашылған валютаның өліпбилік үш әріптік кодтық белгісі.

Клиринг орталығынан

Клирингтік қатысушыдан:

[Бірінші басшының лауазымы]

[тегі, аты-жөні]

[қолтаңба]

[Бірінші басшының лауазымы]

[тегі, аты-жөні]

[қолтаңба]

[Бас бухгалтердің лауазымы]

[тегі, аты-жөні]

[қолтаңба]

[Бас бухгалтердің лауазымы]

[тегі, аты-жөні]

[қолтаңба]

Биржалық сауда-саттық бойынша есеп айырысу кезінде ақшаны ішкі есепке алу және құжаттарды рәсімдеу ережелеріне

2 қосымша

№ ___ СЕНІМХАТ

Күні

Алматы қ.

_____ (клирингтік қатысушының толық атауы, БСН)

бұдан әрі "Сенім білдіруші" деп аталады, оның атынан Сенім білдіруші жарғысының негізінде әрекет ететін Сенім білдіруші Басқармасының Төрағасы ... осы арқылы бұдан әрі "Сенім білдірілген өкіл" деп аталатын ... (клирингтік қатысушының уәкілетті жұмыскерінің тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы) (№...жеке куәлігін кім берді, берілген күні, ЖСН...) Сенім білдірушінің атынан _____ нарығында орталық контрагентпен мәмілелер

(биржа нарығының түрі)

бойынша есеп айырысуды жүзеге асыруға байланысты өтінішке қол қоюға, жөнелтуге, тапсыруға уәкілеттік береді.

Қолтаңба үлгісі _____

_____ (Клирингтік қатысушының уәкілетті жұмыскерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Осы сенімхат бойынша өкілеттіктерді Сенім білдірілген өкіл басқа тұлғаларға бере алмайды.

Осы сенімхат _____ дейінгі (қоса алғанда) мерзімге берілді.
(күні, айы, жылы)

[Бірінші басшының лауазымы]

[тегі, аты-жөні]

[қолтаңба]

[Бас бухгалтердің лауазымы]

[тегі, аты-жөні]

[қолтаңба]

Биржалық сауда-саттық бойынша есеп айырысу кезінде ақшаны ішкі есепке алу және құжаттарды рәсімдеу ережелеріне

3 қосымша

Биржалық нарықтар арасында және клирингтік қатысушының шоттары арасында қамтамасыз етуді аудару туралы

Ө Т І Н І Ш

Xml-файлды қалыптастыру жөніндегі маманданым

Кодтау – **utf-8**.

Файл міндетті өзгермейтін тақырыптаманы талап етеді:

<?xml version="1.0" encoding="utf-8"?>

Файл атауының мысалы: **XML26KASPI55.xml**

Файл атауының құрамы	Файл атауы секцияларының сипаты
Формат атауы	Өрқашан XML26
Клирингтік қатысушының коды	5 таңба. Мысалы: KASPI
Хабардың реттік нөмірі	Өрқашанда хабар ішіндегі "NUMBER" өрісіндегі мәнге тең

Файлдың барлық тегтері **<MESSAGE>** негізгі тегінде бар. Мәні бос болса да, барлық тегтердің болуы міндетті. Жоғарғы әріп пайдаланылады.

Тегтер	Файл ішіндегі тегтердің сипаты
<NUMBER>	Міндетті түрде. Хабардың бірегей реттік нөмірі
<DATETIME>	Міндетті түрде. dd.mm.yyyy hh24: mi: ss форматындағы хабарды қалыптастыру күні мен уақыты, мысалы: 07.07.2023 11:00:55
<FIRMCODE>	Міндетті түрде. Клирингтік қатысушының коды
<BIN>	БСН, бар болса
<CURRENCY>	Міндетті түрде. Халықаралық форматтағы валюта коды, мысалы: KZT
<AMOUNT>	Шығаруға арналған сома, мысалы, 3000.00
<ACCOUNTTYPEEDT>	Міндетті түрде. Қамтамасыз етуді есептен шығару туралы ақпарат көрсетілетін есепке алу шотын таңдау үшін операцияның мақсатын сәйкестендірудің арнайы коды
<ACCOUNTTYPEKT>	Міндетті түрде. Қамтамасыз етуді есепке алу туралы ақпарат көрсетілетін есепке алу шотын таңдау үшін операцияның мақсатын сәйкестендірудің арнайы коды.
TRADER>	Міндетті түрде. Уәкілетті жұмыскердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) толық, кириллицада.

XML26 файлды толтыру мысалы:

Файл атауы:

XML26KASPI55.xml

Мәтін:

Биржалық сауда-саттық бойынша есеп айырысу кезінде ақшаны ішкі есепке алу және құжаттарды рәсімдеу ережелері

```
<?xml version="1.0" encoding="utf-8"?>
<MESSAGE>
  <NUMBER>55</NUMBER>
  <DATETIME>07.07.2023 11:00:55</DATETIME>
  <FIRMCODE>KASPI</FIRMCODE>
  <BIN>971240001315</BIN>
  <CURRENCY>KZT</CURRENCY>
  <AMOUNT>3000.00</AMOUNT>
  <ACCOUNTTYPEDT>FXOWN</ACCOUNTTYPEDT>
  <ACCOUNTTYPEKT>OWNI</ACCOUNTTYPEKT>
  <TRADER> Иванов Михаил Михайлович </TRADER>
</MESSAGE>
```